

«Бекітілді»

Абай облысының
қаржы басқармасы» ММ
2022 жылғы «14» қыркүйек
№ 10-н/б бұйрығымен

**Абай облысы білім басқармасының
«№ 6 арнайы мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Жарғысы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Абай облысы білім басқармасының «№ 6 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу функцияларын жүзеге асыру үшін ұйымдық - құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мекеменің құрылтайшысы «Абай облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган) болып табылады.
4. Мекемені мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орган «Абай облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Білім беруді басқару органы) болып табылады.
5. Мекеменің мүлікке қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Абай облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) болып табылады.
6. Мекеменің атауы: Абай облысы білім басқармасының «№ 6 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
7. Мекеменің орналасқан жері: 071412, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Спартак көшесі, 3.

2-тарау. Мекеменің заңды мәртебесі

8. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы жазылған мөрі болады.
9. Мекеме Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
10. Мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша

Жергілікті атқарушы орган тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мекеме қызметінің мәні – білім беру саласындағы оқу-тәрбие қызметі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды түзете-дамыта оқыту және тәрбиелеу болып табылады.

13. Мекеме қызметінің мақсаты жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар (жеңіл және орташа түрде зердесі зақымдалған) балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамуындағы бұзылыстарды түзету, оларды әлеуметтік-еңбекке бейімдеу, әлеуметтендіру, қоғамға кіріктіру болып табылады.

14. Мақсаттарға жету үшін Мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) арнайы бастауыш және негізгі орта білім берудің бағдарламаларын қолданымдағы типтік оқу жоспарларының негізінде құрастырылған жұмыс оқу жоспарларына сәйкес іске асырады;
- 2) оқушыларды үйден оқытуды дәрігерлік-консультативтік комиссия мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) ұсынымы бойынша іске асырады, бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейіндегі үлгілік оқу білім беру пәндері бойынша жеке білім беру бағдарламасын әзірлейді. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып үйде жеке тегін оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес пәндер бойынша сағаттарды қайта бөлуге рұқсат етіледі;
- 3) типтік оқу жоспарының түзету компоненті пәндерінің мазмұнына сәйкес түзету жұмыстарын жүргізеді;
- 4) білім беру үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылатын және патриоттық, азаматтық, интернационалдылық, жоғары мораль және адамгершілікті қалыптастыруға, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие бағдарламаларын жүзеге асырады;
- 5) әр түрлі бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады, үйірме жұмыстарын ұйымдастырады;
- 6) Мекеменің медициналық қызметкерлерімен лицензия негізінде алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитарлық көмек, медициналық оңалту жүзеге асырылады;
- 7) ата-аналар (заңды өкілдер) және ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған отбасы, арнайы педагогика, психология сұрақтары бойынша кеңестер мен әдістемелік көмектер ұйымдастырады;
- 8) күрделі кемістіктері мен орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған арнайы сыныптарды (олардың жеткілікті санымен) білім беру үрдісі жағдайында айқындалуына қарай және ПМПК қорытындысы негізінде жинақтайды, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылармен бір сыныпта орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған үлгілік оқу жоспарының пәндері бойынша нормативтерге сәйкес құрастырылған және бекітілген жеке бағдарламалар бойынша орташа ақыл-ой

кемістігі бар балалар бірге оқи алады. Сыныптарда (топтарда) бала саны арнайы білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларына сәйкес анықталады.

15. Білім беру үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері (әкімшілік-басқару, педагогикалық құрам, тәрбиеленушілер, заңды өкілдер) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасымен реттеледі. Оқу-тәрбие үрдісі білім алушылардың, педагог қызметкерлердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады. Білім алушыларға қатысты зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

16. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді Мекемеге қабылдау ПМПК қорытындысы негізінде және ата-аналарының (заңды өкілдердің) келісімімен мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушыларды Мекемеден шығару және басқа білім беру ұйымына ауыстыру ата-аналарының (заңды өкілдердің) келісімімен және ПМПК қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

17. Оқу-тәрбие үрдісі оқушыны ПМПК деректері мен бақылауға негізделген саралау және жеке оқыту қағидағары негізінде жүзеге асады. Балалардың сөйлеу ерекшеліктерін, зейінін, жұмысқа қабілеттілігін, олардың даму динамикасын жүйелі түрде зерттеу, оқушылардың нақты білімін, олардың оқу материалын меңгеру мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін анықтау оқушының даму болашағын анықтау және түзету жұмысының құралдарын таңдау үшін жүргізіледі.

Мекемеде білім беру үрдісін ұйымдастырудың негізгі нысандары үй тапсырмаларын орындау бойынша сабақтар, жеке және топтық түзету сабақтары болып табылады.

Жеке және үй тапсырмаларын орындау сабақтарының, үйірмелердің ұйымдастырылуы күндізгі және аптаның ішінде тәрбиеленушілер үшін ұзартылған күн тобы және тәулік бойы болуын ескере отырып жасалады, басшы бекіткен кестемен анықталады және санитарлық нормаларға сәйкес балалардың оқуы, еңбегі мен демалуының негізделген үйлесімін қамтамасыз етеді.

Кәсіптік-еңбекке баулу бойынша сабақтар үшін оқушылар төртінші сыныптан бастап екі топқа бөлінеді. Еңбек түрлері бойынша топтарды жасақтау дәрігердің ұсынымдары негізінде оқушылардың психофизикалық жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарын өткізу кезінде сынып екі топқа бөлінеді.

Мекемеде білім беру және тәрбиелеу ата-аналардың (заңды өкілдерінің) келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асады.

Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде білім алушыларды оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін, ағымдағы бақылау мен аралық аттестаттаудың кезеңділігін дербес тандайды.

Мекеменің түлектеріне мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттың түрлері мен нысандарына және оларды беру ережелеріне сәйкес белгіленген үлгідегі құжат беріледі.

18. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін оқу жылының басталу және аяқталу уақыты, оқу жылы мен каникулдардың ұзақтығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарының негізінде анықталады. Мекеменің жұмыс режимі балалардың тәулік бойы болуын ескеріп

құрылады, ауысым саны мен ұзақтығы, сабақтардың саны мен ұзақтығы, сабақтар мен ауысымдар арасындағы үзілістердің ұзақтығы санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес белгіленеді. Сабақ кестесі оқу үрдісінің кестесіне және оқу жұмыс жоспарына сәйкес құрастырылады.

19. Білім алушыларға және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) Мекеменің жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиямен, Мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен және Мекеменің қызметін реттейтін басқа да құжаттармен танысу мүмкіндігі беріледі.

20. Занды өкілдерінің өтініші бойынша Мекемеде тәрбиеленушілердің тұру жағдайы жүзеге асырылады. Білім алушылардың ата-аналары (занды өкілдері) балалардың Мекемеге уақытында келуін қамтамасыз етеді және каникул кезіндегі балалардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапты болады.

21. Оқу кезеңінде білім алушылар мен тәрбиеленушілер «Әлеуметтік көмек көрсететін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерін, көздерін, түрлері мен ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, жұмсақ жабдықтармен, құралдармен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі.

22. Мекемеде медициналық қамтамасыз етуді штаттық медицина қызметкерлері жүзеге асырады, олар әкімшілікпен бірлесіп тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауға жауап береді. Олардың психофизикалық жағдайының нығаюын, диспансерленуін, профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуін қадағалайды, санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимнің сақталуын, дене тәрбиесі мен шынығуды, тамақтануды, сонымен қатар диеталық тамақтандыруды бақылайды.

23. Мекемеге Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

24. Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен айқын түрде шектелген немесе басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле, Мекеме қызметінің мақсаттарына қайшы жасалған мәміле Жергілікті атқарушы органның, Білім беруді басқару органының, Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мекемені басқару

25. Мекемені жалпы басқаруды Білім беруді басқару органы жүзеге асырады.

26. Білім беруді басқару органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеменің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді келіседі;
- 2) Мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, Мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 5) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 6) Мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

7) Мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

8) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

9) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Мекемеге берілген мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

10) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

27. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Білім беруді басқару органының ұсынысы бойынша Мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) Білім беруді басқару органының ұсынысы бойынша Мекеме Жарғысын, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуді бекітеді;

3) Білім беруді басқару органының келісімімен Мекемеге бекітілген мүлікті алуды немесе оны басқа мемлекеттік заңды тұлғаларға қайта таратуды жүзеге асырады;

4) осы Жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

28. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Білім беруді басқару органымен қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

29. Басшы Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Білім беруді басқару органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және Мекемеге жүктелген міндеттер оның өз қызметтерінің жүзеге асырылуына жеке жауапты.

30. Мекеме басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

31. Мекеме басшысының Мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

32. Мекеме қызметін жүзеге асыру барысында Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Мекеменің мүддесін білдіреді;

3) келісім-шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) Мекеменің іс-сапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банкте есеп-шоттар ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Білім беруді басқару органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Білім беруді басқару органымен келісе отырып орынбасарлары мен бухгалтерді лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

10) Мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

11) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

12) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және Білім беруді басқару органымен, Жергілікті атқарушы органмен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

33. Мекеменің алқалық басқару нысаны педагогикалық кеңес қызметі мен қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастырудың үлгілік ережелеріне сәйкес Педагогикалық кеңес, Қамқоршылық кеңес болып табылады.

5-тарау. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

34. Мекеме мүлкінің құнын оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналар:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

35. Мекеме бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

36. Егер қосымша қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленбеген болса, Мекеме қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен Білім беруді басқару органы арқылы жүзеге асырылады.

37. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

38. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және оған ревизия жасауды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Білім беруді басқару органы, Жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

6-тарау. Мекемедегі жұмыс тәртібі

39. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

40. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу Жергілікті атқарушы органның немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша жүргізіледі және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аймақтық тіркеу органдарында мемлекеттік тіркеу тәртібінен өтеді.

8-тарау. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

41. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Жергілікті атқарушы органның шешімімен жүргізіледі.

42. Мекеме заңнамалық актілермен қарастырылған басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

43. Мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды Білім беруді басқару органы жүзеге асырады.

44. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Мекеменің қалған мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

45. Таратылған Мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін, тиісті бюджет кірісінің есебіне аударылады.

9-тарау. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

46. Мекемеде еншілес бөлімшелер мен өкілеттіліктері жоқ.

Абай облысы

білім басқармасының

«№ 6 арнайы мектеп-интернаты» КММ

директорының м.а.




Ш.Карипжанова

Келісілді:

«Абай облысының

білім басқармасы» ММ

басшысының м.а.



Н. Ахметкалиев